# Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ауғанстан Ислам Республикасына жәрдемдесу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 11 қазандағы N 295-ө Өкімі

Ауғанстан Ислам Республикасының дамуына жәрдем көрсету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ауғанстан Ислам Республикасына жәрдемдесу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдармен мүдделі ұйымдар:

1) Іс-шаралар жоспарын уақтылы орындауды;

2) жарты жылда бір рет есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша ақпаратты беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылда бір рет есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы»11 қазандағы N 295-өкімімен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ауғанстан Ислам Республикасына жәрдемдесу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Іске асыру нысаны | Жауапты орын-даушы-лар | Орын-дау мерзі-мі | Бол-жамды шығыс-тар | Қаржы-ланды-ру көзде-рі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **1. Көмек көрсету** | | | | | | |
| 1. | Азық-түлікті, Қазақстан астығын және | Халықара-лық гума-нитарлық көмек мә-селелері | АШМ, ТЖМ, ЭБЖМ, Қаржы-мині, | 2007-2008 жылдар | 500 мың АҚШ долл. | Қазақ-стан Респуб-лика-сының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ауыл шаруашылығы дақылдарының дәндерін жеткізу | жөніндегі комиссия-ның ұсынымы негізінде Қазақстан Республи-касы Үкіметін-ің шешімі | ККМ, СІМ, "Казаг-ро" АҚ» | | | респуб-ликалық бюджеті |
| 2. | Ауғанстан Ислам Республикасы провинцияларының бірінде асфальтталған немесе құмдауыт жол салуға қаражат бөлу | Халықара-лық гума-нитарлық көмек мә-селелері жөніндегі комиссия-ның ұсынымы негізінде Қазақстан Республи-касы Үкіметін-ің шешімі | ККМ, ТЖМ, ЭБЖМ, Қаржы-мині, СІМ | 2007-2008 жылдар | 1 млн. 650 мың АҚШ долл. | Қазақ-стан Респуб-лика-сының респуб-ликалық бюджеті |
| 3. | Ауғанстан Ислам Республикасының Саманган провинциясында мектеп салуға қаражат бөлу (16 кабинеті бар бір мектепке арналған бағдар-лы бюджет - 160 мың АҚШ долл.) | Халықара-лық гума-нитарлық көмек мә-селелері жөніндегі комиссия-ның ұсынымы негізінде Қазақстан Республи-касы Үкіметін-ің шешімі | БҒМ, ТЖМ, ЭБЖМ, Қаржы-мині, СІМ, ИСМ | 2007-2008 жылдар | 280 мың АҚШ долл. | Қазақ-стан Респуб-лика-сының респуб-ликалық бюджеті |
| 4. | Ауғанстан Ислам Республикасының Бамиан провинциясындағы аурухананы қал-пына келтіруге қаражат бөлу | Халықара-лық гума-нитарлық көмек мә-селелері жөніндегі комиссия-ның ұсынымы негізінде Қазақстан Республи-касы | ДСМ, ТЖМ, ЭБЖМ, Қаржы-мині, СІМ, ИСМ | 2007-2008 жылдар | 570 мың АҚШ долл. | Қазақ-стан Респуб-лика-сының респуб- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Үкіметін-ің шешімі | | | | ликалық бюджеті |
| 2. Ауғанстан Ислам Республикасының ұлттық кадрларын даярлау | | | | | | |
| 5. | Қазақстанда 50-ден 100-ге дейін ауған азаматын техникалық мамандықтар бойынша оқытуды көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметімен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді әзірлеу, келісу және оған қол қою | Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | БҒМ, СІМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ІІМ, Қорғанысмині, ДСМ, Мемлекеттік қызмет академиясы | 2007-2008 жылдар | | |
| 3. Инвестициялық жобалар | | | | | | |
| 6. | Жер қойнауын пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу және қазақстандық компаниялардың мұнай, газ, мыс және темір кендерінің перспективалық кенорындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған тендерлерге қатысуы | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ЭМРМ, СІМ, ИСМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 7. | Ауғанстан Ислам Республикасының елді мекендерін және халық шаруашылығы объектілерін сумен қамтамасыз ету жөнінде келісімдер жасасу: провин- | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | СІМ, АШМ | 2007-2008 жылдар | | Халықаралық донорлар қаражаты есебінен, инвес- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | циялық қалалар үшін сумен қамтамасыз ету жүйесі (14 қала); Амудария бассейні ирригациясының схемасын оңалту; ауылға арналған сумен қамтамасыз ету, гигиеналық білім беру және санитария бағдарламасы; шағын, орта және ірі дәстүрлі ирригациялық схемаларды оңалту; Кабулға арналған сумен қамтамасыз ету мен кәріздің мастер-жоспары | | | | | тициялар тарту |
| 8. | Ауғанстан Ислам Республикасы үшін инвестиция-лық жобаларды дайындау: қатты қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жобалар; қала құрылысы | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, СІМ, Қорша-ғанорта-мині, ЭБЖМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донорлар қаражаты есебі-нен, инвес-тициялар тарту |
| 9. | Перспективалық минералдық шикізат кен орындарын және инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін зерде-леу, сондай-ақ қазіргі бар минералдық шикізат кен орындарын игеру перспективаларын бағалау (қорлар, шикізаттың сапасы, өңдеу шарттары, инфра-құрылым объек-тілерінің жай-күйі) | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ЭМРМ, СІМ, ЭБЖМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қаражаты есебі-нен, инвес-тициялар тарту |
| 10. | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстандық компаниялардың Ауғанстан Ислам Республикасының солтүстік провинцияларын-дағы инфрақұры-лым объектілерін салуға арналған тендерлерге қатысуы: Андх пен Қайсар арасында автожол салу, жол ұзын-дығы 210км; Пул-у-Хумри-Маза -ри-Шариф-Найо-бод-Хайратон арасында автожол салу, жол ұзын-дығы 243 км; Кабул-Кандагар автожолын салу, жол ұзындығы 520 км; Қайсар - Бала Мургаб автожолын салу, жол ұзындығы 90 км; Талуган - Кешим автожолын салу, жол ұзындығы - 70 км; Бамиан - Кабул жолын салу және қайта жаңарту, жол ұзындығы 140 км; Кабул - Жалалабад автожолын салу; Зарани - Деларам автожолын салу; Кабул қалалық жолдары; оңтүстік провинциялық және жергілікті автожолдар салу | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қаражаты есебі-нен, инвес-тициялар тарту |
| 11. | Қазақстандық компаниялардың Ауғанстан Ислам Республикасының энергетикалық сала объектіле-рін (СЭС, ЖЭС, электр беру желілері) қайта жаңарту және салу жөніндегі тендерлерге | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ЭМРМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донорлар қаражаты есебі-нен, инвес- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қатысуы: Кабул үшін барынша тиімді көмірсутегі электр генераторларын сатып алу; Құндыз, Пул-у-Хумри, Чарикар кіші станциясын жаңарту/тарату; өзбек-ауған шекарасы шегінде жаңа беру желісі (500 KV); Хайратоннан - Пул-у-Хумри станциясына беру желісін оңалту (220 KV); Ширхан Бандардан Химам Сахаибке дейін электр беру жөніндегі жобалар (беру желісі (110 KV); Шибирган газ кен орнын және құбыр жолдарын оңалту; Ханабад СЭС, Құндыз; Тиринкот электр беру жүйесі; басқа негізгі елді мекендер-дегі беру жүйесі | | | | | тициялар тарту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. | Кабул қаласындағы элеваторды қайта жаңартуға қатысу (инвестициялардың талап етілетін көлемі - 70 млн. долл. дейін) | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | АШМ, "Қазаг-ро" АҚ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қара-жаты есебі-нен, инвес-тиция-лар тарту |
| 13. | Хайратон (Өзбек-стан - Ауғанс-тан) немесе Зергер (Түрікме-нстан - Ауғанс-тан) темір жол станцияларының шекара өткелде- | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | АШМ, "Қазаг-ро" АҚ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қара-жаты есебі-нен, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | рінде элеватор немесе астық қоймаларын салу | | | | | инвес-тиция-лар тарту |
| 14. | Балх провинция-сының Мазари-Ша-риф қаласында жобалық қуаты жылына 40 мың тонна болатын элеватор қуатын қайта жаңарту және бірлесіп пайдалану | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | АШМ, "Қазаг-ро" АҚ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қара-жаты есебі-нен, инвес-тиция-лар тарту |
| **4. Сауда жобалары** | | | | | | |
| 15. | Өнеркәсіптік тауарлар (минералдық тыңайытқыштар, металл бұйымдар, ағаш-құрылыс материалдары, жиһаз (оның ішінде мектеп жиһазы) және жабдықтар, киіз үйлер мен өзге де уақытша тұрғын үй құрылыстары саудасы саласын-дағы ынтымақтас-тықты жалғастыру | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, ККМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Инвес-тиция-лар тарту |
| 16. | Өзара тиімді шарттарда астық және оны өңдеу өнімдері саудасы саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | АШМ, ИСМ, ККМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қара-жаты есебі-нен, инвес-тиция-лар тарту |
| 17. | Қазақстандық компаниялардың Ауғанстан Ислам Республикасының көлік коммуника-цияларын қайта | ҚазақстанРеспубли-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, СІМ, мүдделі қазақс-тандық компан- | 2007-2008 жылдар | | Халық-аралық донор-лар қара-жаты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жаңаруға және салуға қатысуы: Аравия теңізінің Гвадар (Пәкістан Ислам Республикасы) және Чех-Бехар (Иран Ислам Республикасы) теңіз порттарына шығатын ауған айналма автомагистралін және оның өңірлік айырма жолдарын қалпына келтіру; Кабул қаласының әуе жайын оңалту; Кабул қаласы әуежайының құралдарын жаңарту (жаңа халықаралық терминал); өңірлік әуежайларды оңалту; Кабул, Мазари-Шариф; Герат және Кадахар қалаларына арналған әуежайлар мастер-жоспарларын әзірлеу | | иялар | | | есебінен, инвестициялар тарту |
| **5. Консалтингтік қызметтер** | | | | | | |
| 18. | Ауғанстан Ислам Республикасының жаңа астанасын салу жөніндегі әзірленіп жатқан жобаны жүзеге асыру кезінде консалтингтік көмек | Қазақстан-ауған сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссия шеңберінде екі жақты консультациялар өткізу, талқылау | ИСМ, Астана қаласының әкімі, "Қазына" АҚ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | Халықаралық донорлар қаражаты есебінен, инвестициялар тарту |
| 19. | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ауғанстан Ислам Республикасында қазақстандық банктердің филиалдарын ашу | Қаржылық қызметтер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, келісім-шарттар мен шарттар | ҰБ, СІМ, ЭБЖМ, ҚҚА | 2007-2008 жылдар | | Халықаралық донорлар есебінен |
| **6.ӨҰйымдастырушылық іс-шаралары** | | | | | | |
| 20. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді әзірлеу, келісу және оған қол қою | Халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастық тура-келісім | ККМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 21. | Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы тұрақты әуе қатынасын орнату мүмкіндігін қарау | Әуе қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | ККМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 22. | Қазақстан-ауғанстан сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссиясының қызметін жандандыру | Астана қаласында Қазақстан-ауған сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөнінде үкіметаралық комиссиясының 1-ші отырысын өткізу | ИСМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 23. | Ауғанстан Ислам Республикасымен Қазақстан Республикасының | Екі елдің шағын және орта бизнес | ИСМ, СӨП, | 2007-2008 жылдар | Республикалық бюджет | Республикалық бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шағын және орта бизнесін сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға тарту | өкілдері-нің қаты-суымен бірлескен жәрмеңке-лер, көр-мелер мен басқа да іс-шара-лар өткізу | "Қазына" АҚ, СІМ | | комис-сиясы-на | пен Халық-аралық донор-лар қара-жаты есебі-нен, инвес-тиция-лар тарту |
| 24. | Мазари-Шариф қаласында Қазақстан Республикасының сауда өкілдігін ашу мәселесін пысықтау | Сауда өкілдігін ашу туралы келісім | СІМ, ИСМ | 2007-2008 жылдар | Респуб-лика-лық бюджет комис-сиясына ұсыныс | Респуб-лика-лық бюджет қараж-атының есебі-нен |
| 25. | Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру және қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерлерде Германия Федеративтік Республикасы Қарулы Күштерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзиті туралы келісімнің күшіне енуі жөніндегі мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуді аяқтау | Келісімді ратифика-циялау туралы Қазақстан Республи-касының Заңы | ҚКМ, СІМ, ИСМ, ІІМ, Қорған-ысмині, БП, ҰҚК | 2007-2008 жылдар | | |
| 26. | Қазақстан Республикасының | Инвести-цияларды | ИСМ, СІМ | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің жобасын дайындау | көтерме-леу және өзара қорғау саласын-дағы ынтымақ-тастық туралы келісім | | 2007-2008 жылдар | | |
| 27. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын дайындау | Денсаулық сақтау саласын-дағы ынтымақ-тастық туралы келісім | ДСМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 28. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет және ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын дайындау | Мәдениет және ақ-парат саласын-дағы ын-тымақтас-тық тура-лы келісім | МАМ, СІМ | 2007-2008 жылдар | | |
| 29. | "Қазына" АҚ-ның Ауғанстанның халықаралық бизнесті, сауданы және инвестицияны дамытуға қолдау көрсететін мүдделі ұйымдарымен (Afghanistan Investment Support Agency) ынтымақтастық орнату мүмкіндігін іздестіру және қарастыру | Ынтымақ-тастық туралы меморан-дум | "Қазына" АҚ | 2007-2008 жылдар | | |

**Ескертпе:**

2007-2008 жылдарға арналған шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған

республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын (нақтыланатын) болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

СӨП - Қазақстанның Сауда-өнеркәсіп палатасы

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

"Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ

"Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ

"Қазагро" АҚ - "Қазагро" ұлттық холдингі" АҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК